

Ата-аналарғ кеңес

Тақырыбы: «Дөңгелек жолда тіл дамыту»

Әдіскер: Г.Е.Умбетова

Астана қаласы 2025ж

Баяндама тақырыбы: «Дөңгелек жолда тіл дамыту»

Кіріспе

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде балалардың тілін дамыту басты міндеттердің бірі болып табылады. Себебі тіл – баланың ойлау қабілетінің, қарым-қатынас жасау мүмкіндігінің негізгі құралы. Баланың тілін дамытуда түрлі әдіс-тәсілдер, ойындар, жаттығулар кеңінен қолданылады. Солардың бірі – дөңгелек жол әдісі.

Негізгі бөлім

«Дөңгелек жол» әдісі дегеніміз не?

«Дөңгелек жол» – балалардың қозғалыс арқылы белсенділігін арттырып, сол сәтте тілдік тапсырмалар орындауға негізделген әдіс. Бұл әдісте балалар шеңбер бойымен немесе арнайы сызылған дөңгелек жолмен жүріп отырып, әр нүктеде тілдік тапсырмаларды орындайды.

Мақсаты:

Балалардың сөздік қорын молайту.

Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру.

Сөйлем құрау, сұрақ-жауап арқылы тілдік қарым-қатынасты жетілдіру.

Қозғалыс пен сөйлеуді қатар дамыту.

Қолдану жолдары:

Тақырыптық тапсырмалар: Мысалы, "Жемістер" тақырыбы болса, әр аялдамада бір жемістің суреті тұрады. Бала сол жеміс туралы айтып беруі керек (түсі, дәмі, қайда өседі).

Суретпен жұмыс: Дөңгелек жолдың бойына бірнеше суреттер қойылып, балалар суретке қарап сөйлем құрайды.

Сұрақ-жауап аялдмасы: Мұғалім әр аялдамада сұрақ қояды, бала сол сұраққа жауап береді. Мысалы: "Сенің атың кім?", "Қайда бара жатырсың?", "Бүгін ауа райы қандай?".

Дыбыстық тапсырмалар: Белгілі бір дыбысқа байланысты сөздер айту немесе сол дыбыстан басталатын сөздерді атау.

Ұлттық құндылықтармен байланыстыру: Әр аялдамада ұлттық киім, аспап, тағам суреттері тұрады. Балалар солар туралы айтып, ұлттық сөздік қорын кеңейтеді.

Артықшылықтары:

Балаларға қызықты әрі белсенді.

Ойын арқылы тіл дамытуға мүмкіндік береді.

Әр бала жеке-жеке тапсырма орындап, өз ойын жеткізуге үйренеді. Топпен жұмыс істеу дағдысы қалыптасады. Есте сақтау, естіп түсіну қабілеті дамиды.

Қорытынды

Дөңгелек жол әдісі – мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамытуда тиімді құрал. Бұл әдіс арқылы балалар қозғалыс пен сөйлеуді қатар дамытып, қызығушылықпен білім алады. Осындай ойын элементтері **енгізілген** әдістерді жүйелі түрде қолдану – баланың тілдік дамуына үлкен үлес қосады. Балалармен қалай сөйлесу керек?